

**«Жетісай ауданының мамандандырылған «Дарын» мектеп-интернаты»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің педагог-психологы Б.Рахимованың
психологиялық қызмет бойынша 2024-2025 оқу жылындағы атқарған жұмыстары
туралы жылдық есебі**

2024-2025 оқу жылының басында мектеп директорының келісімі бойынша жылдық жоспар түзілді. Соның негізінде айлық, апталық жоспарлар жасалынып, жоспар бойынша уақытылы психодиагностикалық, психокоррекциялық, психопрофилактикалық жұмыстар жүргізіліп, нәтижесінің есебі беріліп отырды.

Қыркүйек айында 7-11 сыныпқа жаңадан келген оқушыларға психологиялық картасы түзілді. 7-сынып оқушыларына «Менің отбасым», 8-9 сынып оқушыларына «Менің ең жақын досым», 10-11 сынып оқушыларынан «Менің арманым» тақырыбында эсселер жазылы тексерілді. 7-11 сынып қыздары арасында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» тақырыбында қыздардың жиналысы өткізілді. Тәрбиесіне байланысты әңгіме кеңестер берілді. Осы айдың 9-10 жұлдызы аралығында 7,8,9,10,11-оқушыларының темпераменттерін анықтау үшін зерттеу жұмысы жүргізілді. 7-сынып оқушыларына «Танысу» тренингі өткізілді. №93 бұйрыққа сәйкес мектеп ішілік ата-аналар жиналысында, ата-аналардың (немесе заңды өкілі) жазбаша түрдегі келісім шарты алынды. «Бестерек» жобасы бойынша әлеуметтік педагогпен, мектеп инспекторымен, сынып жетекшілерден, медбикелен мәліметтер алынды. Мәліметтер бойынша жасыл аймақта 74 оқушы, 5 оқушы сары аймақта, қызыл аймақта ешқандай оқушы жоқ екені анықталды.

Қазан айында 1-қазан халықаралық қарттар күніне орай мектеп-интернатындағы әлеуметтік мәртебесі бар оқушылармен, ДТІЖО Н.Нұрмағанбетов пен әлеуметтік педагог Байбосынова Лаззат апаймен біргелікте мұқтаж жандарға қамқорлық жасау, әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасыларға, жалғыз басты қария Урақбаев Тағай атаға қайырымдылық көмек ұйымдастырылды. Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында «Құқықтық сауаттылық-заман талабы» тақырыбында мектеп инспекторы Байменов Ерғали ағаймен үл балдарға түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жат қылықтардың алдын алу мақсатында үл балдардан «Құқық бұзушылықтың алдын алу» сауалнамасы алынды. «Ерте жүктіліктің ертені күмәнді» тақырыбында 7-11 сынып оқушы қыздарына, орталық ауруханасының акушер-гинеколог дәрігері Алиева Нәзіпа апаймен кездесу өтті. «29 қазан қамқоршылар күні» мерекесі аясында мектебімізде әлеуметтік осал топтан шыққан оқушылар бар болғандықтан, әлеуметтік педагог Байбосынова Лаззат апаймен бірігіп балалар мен олардың қамқоршылары және олардың заңды өкілдері арасында қарым қатынасты күшейту және отбасы құндылығын арттыру мақсатында «Балама қандай жылудық беремін» атты тренинг өткізілді. Қажетіне қарай оқушыларға психологиялық кеңестер берілді. «Бестерек» жобасы бойынша «Мен кімін» әдістемесі 7-11 сынып оқушыларынан алынып анықтамасы жасалды. 7-11 сынып оқушыларынан «Аяқталмаған сөйлем» әдістемесі алынып анықтама жасалды.

Қараша айында 7-11 сынып оқушыларынан «Діни көзқарасты анықтау» мақсатында сауалнама алынды. «Қатыгезділік балалық шақ» сурет көрмесін 7-8 сынып оқушыларына ұйымдастырылды. «Біз бақытты баламыз» тақырыбында 8-сынып оқушыларына дөңгелек үстел ұйымдастырылды. 9-сынып оқушыларынан «Менің болашақ мамандығым» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында 7-11 сынып үл балдарынан жасырын сауалнама алынды. «Мамандық өмір

таңдауы» тақырыбында 11- сынып оқушыларына тренинг өткізілді. «Барлық әлем мен үшін» тақырыбында 9-сынып оқушыларына дөңгелек үстелі өткізілді.

Желтоқсан айында спид, темекі шегу, нашакорлық туралы 9-11 сынып оқушыларынан сауалнама алынды. Мектептегі зорлық-зомбылық, буллинг және кибербуллингтің алдын-алу мақсатында 7-10 сынып оқушыларынан сауалнама алынды. 9 сынып оқушыларының жасөспірімдердің зейінін дамытуға арналған психологиялық тренинг өткізілді.

Қаңтар айында военкоматқа баратын оқушылардың документтерін туралау. Жатаханада жататын оқушылардан жасырын сауалнама алынды. «Мен өмірді сүйемін» тақырыбында 7-8 сынып оқушыларына жүргізілді. Оқушылардың қарым-қатынасын «Социометрия әдісі» арқылы анықтау үшін 7-11 сынып оқушыларына әдістеме жүргізілді. «Мен және менің құқықтарым» тақырыбында дөңгелек үстелі жүргізілді.

Ақпан айында оқушылардың педагогтармен қарым-қатынасын анықтау мақсатында оқушылардан жасырын сауалнама алынды. «Сенің өмірдегі мақсаттарың» тақырыбында 7-8 сынып оқушыларына тренинг жүргізілді. Тәрбиешілермен біргелікте «Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын» тақырыбында сынып сағаттары өтілді. «Өміріңді өзін бағала» тақырыбында 11 сынып оқушыларына тренинг өткізілді.

Наурыз айында «Кикілжің, дау-дамай және одан арылу» 7-8 сынып оқушыларына тренинг өткізілді. «Менің болашағым» тақырыбында 9-11 сынып оқушыларына тренинг өткізілді. 9-11 сынып оқушыларына «Дау-дамайды болдырмау» тақырыбында тренинг өткізілді. Педагогтардың қалауымен жеке кеңестер берілді.

Сәуір айында 7-11 сынып оқушыларынан Қондаштың «Қобалжу шкаласы» сауалнамасы алынды. Жасөспірімдердің ата-анасымен қарым-қатынас деңгейін анықтау мақсатында жұмыстар жүргізілді. «Ғаламторға және компьютерлік ойындарға тәуелділікті анықтау» мақсатында 7-11 сынып оқушыларынан сауалнама алынды. «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» 9-10 сынып оқушыларына тренинг жұмыстары жүргізілді. 11 сынып оқушыларына «Армандар» тренингі жүргізілді.

Мамыр айында 9-11 сынып оқушыларына «Емтихандағы өз-өзіне сенімділік» тақырыбында тренинг жүргізілді. «Мен өмірді таңдаймын» 9-11 сынып оқушыларына тренинг жүргізілді. ҰБТ-ға дайындық бойынша, мектеп бітірушілерге емтихан тапсыруға дайындық бойынша психологиялық кеңестер берілді.

Жоспарланған жұмыстар уақытылы жүргізіліп отырды.

Педагог-психолог:

Б.Рахимова